

Республикасының білім беру жүйесінде олардың үлестері мен табысқа жету жолдары зерттеледі. Мақалада төмендегі маңызды нәтижелер алынды:

1. Мотивацияның тұжырымдамасы және оның мансаппен қарым-қатынасы;
2. Жоғары оқу орнында мотивацияны бағалау әдісі;
3. Қазақстандағы ЖОО-да әйелдер мотивация жүйесін дамыту үшін негізгі бағыттар айқындалды.

Кілт сөздер: мотивация, табыс, гендерлік ерекшелік, ЖОО, университет, кәсіби қызмет, мотив, билік, бәсекелестік, даму.

Ш. Конысбаева¹

¹ Университет имени Сулеймана Демиреля, Казахстан, Каскелен

ИССЛЕДОВАНИЕ МОТИВАЦИИ ЖЕНЩИН-ЛИДЕРОВ В СФЕРЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В РК

Аннотация: В данной статье рассматривается исследование мотивации и успехов женщин – лидеров в сфере высшего образования в Республике Казахстан в современных условиях. В ней рассмотрены сущность и основные факторы лидерства женщин, профессиональных перспектив женщин лидеров в образовательной системе, а также изучены вопросы успехов участия женщин-лидеров в системе высшего образования Республики Казахстан. В рамках настоящей статьи изложены следующие наиболее важные результаты:

1. Определено понятие мотивации и выявлена взаимосвязь ее с карьерой.
2. Разработана методика оценки системы мотивации в вузах.
3. Определены основные направления для развития системы мотивации женщин в казахстанском вузе.

Ключевые слова: Мотивация, успех, гендерные различия, ВУЗ, университет, профессиональная деятельность, мотивы, власть, конкуренция, рост, мотиватор.

ҒТАХР 06.35

Р.Ә. Төлегенова¹, С. Төлегенов¹

¹ Сулейман Демирел атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан

ҚР ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа: Қазақстан Республикасында туристік индустрияның

дамуы халықтың әл-ауқат деңгейінің өсуінің нәтижесі болып табылады. Туристік қызметтерге қол жетерлік, олардың сапасы және әртүрлілігі демалыс нысанын таңдауда да маңызды фактор болып табылады.

Туристік компанияларда бухгалтерлік есептің ерекшеліктері туризмнің ұйымдастыру нысандарынан – халықаралық, ішкі және туристік қызметтерінің құрылымынан және оларды сапалы орындаудан туындайды.

Қазақстан Республикасы аумағына келу туризмін ұйымдастырумен байланысты туристік қызметтерді көрсету туристік қызметтердің экспорты болып табылады. Ал басқа елге кетумен байланысты туристік қызметтерді көрсету импорт болып саналады.

Есеп саясаты – бұл әрбір туристік фирма жетекшілігінің бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есеп беру мен оларға қойылатын талаптарды, принциптерді негізге ала отырып қолданылатын тәсілдер жиынтығы.

Кілт сөздер: Әлемдік экономика, туризм, туристік индустрия, туристік бизнес, туристік қызмет, есеп саясаты, бухгалтерлік есеп, шаруашылық операция, құжат айналы, ХҚЕС.

Қазақстан үшін туризмнің дамуы қазіргі таңда өте маңыздылығын Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» мемлекеттік бағдарламасы негізінде халыққа жолдауында атап өткен. Осы бағдарлама бойынша өзінің мүмкіндіктері мен бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан перспективті салаларға ауыл шаруашылығы, орман және орман өңдеу өнеркәсібі, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, тұрғын-үй құрылысы және инфрақұрылымымен қатар туризм туризм индустриясын дамыту болмақ.

Бүгінде әлемнің алдыңғы қатарлы 30 елінің қатарына кіруге ұмтылып отырған тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған ұланғайыр міндеттер аз емес.

Президент өзінің биылғы Жолдауында туризмнің жұмыс орындарын құруда өнеркәсіпке қарағанда, 10 есе арзанға түсетінін де қаперге салды. Президенттік Ұлт жоспарының 57-ші қадамында да туристік кластерлер құруда үздік тәжірибесі бар стратегиялық инвесторларды тарту қажеттігіне арнайы тоқталып өтті[1].

Халықаралық туризм – мұнай өндіретін және автомобиль өнеркәсіптерінен кейін, үш ірі экспорттық салалардың құрамына кіреді. Дүние жүзінде туризмнің мәні үнемі артуда, бұл жеке ел экономикасындағы туризм ықпалының өсуімен де байланысты.

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдердің бірінде көрінеді, ол ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) әлемдік жалпы табысының 10 бөлігін қамтамасыз етеді. Ол тез дамуда, жыл сайын оған 30%-ға жуық инвестиция салынады.

Бұл әлемдегі табысты бизнес түрлерінің бірі, мұнда әлемдік капиталдың шамамен 7%-ы қолданылады. Жылдық табыс орта есеппен алғанда 587,4 млн. халықаралық сапарлардан 472,6 млрд. АҚШ долларын құрайды.

90-жылдардың басында туризм тауарлар мен қызметтерді әлемдік сатудың 10%-ын құрап, әлемде мұнай мен автомобильден кейінгі 3-орынға ие болған, ал жақын болашақта ол бірінші орынға шығады.

Қазіргі уақытта туризмде 150 млн. адам жұмыспен қамтылған, ал 2015 жылға қарай әрбір сегізінші жұмысқы қабілетті адам экономиканың осы сферасында жұмыс істейтін болады[2].

Қазақстан Республикасында туристік индустрияның дамуы халықтың әл-ауқат деңгейінің өсуінің нәтижесі болып табылады. Туристік қызметтерге қол жетерлік, олардың сапасы және әр түрлілігі демалыс нысанын таңдауда да маңызды фактор болып табылады. Кәсіпкерлер үшін туристік бизнестің тартымдылығы келесі себептерге байланысты:

- шағын бастапқы инвестициялар;
- туристік қызметтерге өсетін сұраныс;
- жоғары деңгейлі пайдалылық;
- шығындар ақталуының ең қысқа мерзімі[3].

Туристік компаниялардағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру жүйесі «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» 2007- жылдың 28-ші ақпанындағы № 234-III Қазақстан Республикасының Заңымен, Қаржылық есептің халықаралық стандартына (ҚЕХС) негізінде құрылады[4].

Принциптердің 2 тобы бар:

- Негізгі принциптер;
- Ақпараттық салалық сипаттамалары.

Негізгі принциптерге есептеумен үздіксіз қызмет жатса, ақпараттың сапасын сипаттайтын принциптерге түсініктілік, сенімділік және салыстырымдылық жатады.

Сонымен қатар қаржылық есеп берушілік оны даярлаудың Концептуалды негіздерімен және 1 «Қаржылық есеп берушілікті тапсыру» халықаралық есеп стандартымен және туристік компаниялардың жетекшілері бекітетін есеп саясатымен реттеледі.

Кәсіпорындардың есеп саясаты 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларындағы болатын өзгерістер мен қателер» Қаржылық есеп берудің халықаралық стандартына (ҚЕХС) сәйкес жасалынады[5].

Есеп саясаты – бұл әрбір кәсіпорынмен өз бетінше жасалынып, бекітетін және есеп жүргізу қаржылық есеп дайындау мен тапсыру ережелерді белгіленген ішкі нормативтік құжат.

Есеп саясатын қалыптастыру әрбір стандартта ұсынылатын тәсілдердің бірін таңдауда, оларды субъект қызметінің жағдайларына

қарай негіздеп, бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есеп берудің негізі ретінде қабылдауда маңызды да жауапты іс болып табылады.

Есеп саясатын қалыптастырудың жауапкершілігі субъектінің бірінші басшысының мойнында. Есеп саясатын және ондағы өзгерістерді бекітетін құжат–бірінші басшының бұйрығы.

Туристік компанияда бүгінге дейін есеп саясатында мыналар қарастырылып келді:

- туристік бизнестің ерекшеліктері, олардың есебі;
- шоттар жоспары;
- шаруашылық операцияларын көрсетуге қажетті бастапқы құжаттардың формалары;
- инвентаризация жүргізу мен тауарлы – материалды құндылықтарды, мүлікті және міндеттемелерді бағалаудың тәртібі;
- құжат айналым ережесімен есептік ақпаратты өңдеу технологиясы;
- бухгалтерлік есепті ұйымдастыруда қажетті қабылданатын шешімдер.

Мекеме жетекшісі қаржылық есеп берушілікте пайдаланылатын бухгалтерлік есеп стандартымен оларға қолданылатын әдістемелік нұсқауларға сәйкес келетін есеп саясатын таңдап алып, жүзеге асыруы қажет.

Есеп саясатын жасауда мекеменің қаржылық есеп берушілігін, оны пайдаланушыларға түсінікті болатын пайдалы ақпараттарды қолданады. Мұндай түйіндемелер жасауда басшылық мыналарды:

- бухгалтерлік есеп стандарттары мен оларға қойылатын әдістемелік нұсқаулардың талаптарын;
- активтерді, міндеттемелерді, табыстар мен шығыстарды принциптермен қаржылық есеп берушілікті дайындауда белгіленген критерийлер бойынша мойындаумен бағалауды;
- стандарттармен салалық құрылымын белгілеуші басқа органдардың шешімін ескеруі қажет[6].

ҚР «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» Заңының сәйкес мекеменің жетекшісі есеп жүйесін құрып, бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Жетекші жұмыс көлеміне байланысты: бухгалтерлік қызметті бас бухгалтер басқаратын құрылымдық бөлімше ретінде құруға, штатқа бас бухгалтер қызметін енгізуге, келісім – шарттық негізде бухгалтерлік есепті жүргізуде арнайы бухгалтерлік фирмамен немесе бухгалтер – маманмен жұмыс жасауға, бухгалтерлік есепті өзі жүргізуі мүмкін.

Бас бухгалтер компанияның жалпы бухгалтерлік есебін жүргізеді, заң құжаттарының талаптарын, шаруашылық – қаржылық қызметінің

және қаржылық есеп берушіліктің формаларымен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

ҚР бухгалтерлік есепке жалпы құқықтық және әдістемелік басшылықты ҚР Қаржы Министрлігінің жанындағы бухгалтерлік есеп әдістемелік Департаментімен жүзеге асырылады.

Туристік компания есеп саясатын ашып көрсетуге байланысты талаптар «Қаржылық есептілігін ұсыну» 1-ші Қаржылық есеп берудің халықаралық стандартымен (IAS 1) бекітілген. Есеп саясатындағы болған өзгерістер болғанда «Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларындағы болатын өзгерістер мен қателер» 8-ші ХҚЕС (IAS 8) стандарты төмендегі мәселелерді қарастырады[7]:

- есеп саясатын таңдау немесе оны өзгерту;
- есептік бағаларды өзгерту;
- алдыңғы есептік кезеңде кеткен қателерді түзету.

Компанияның есеп саясаты салық пен бухгалтерлік есеп салалындағы заңдар өзгерген жағдайда, сондай-ақ есеп пен бухгалтерлік есеп ақпараттарының анықтығын арттыру мақсатындағы субъектінің өз шешімі бойынша өзгеруі ықтимал.

Егер есепті кезең ішінде нақты осы саясатта өзгеріс бола қалса, онда оның есептері көрсетілуі керек. Егер бұл өзгерістер елеулі қаржылық және материалдық шығын келтірер болса, онда оларды түсіндіру кезінде мұндай өзгерістердің шығынына баға беру қажет.

Құрылымы мен формасы бойынша есептік саясат мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Жалпы бөлім;
2. Ұйымдастырушылық бөлім;
3. Әдістемелік бөлім.

Жалпы бөлімде төмендегідей мәліметтер көрсетіледі:

- туристік компания жайлы жалпы мәліметтер;
- оның есептік саясатының негізгі мақсаттарының қаржылық жағдайы, қызмет нәтижесі туралы дұрыс мәліметтерді қалыптастыруда пайдалану;

- таңдап алынған есеп саясатын пайдалануда барлық ХҚЕС талаптарына толық жауап беретіндей деңгейге жеткізу.

Ұйымдастырушылық бөлім бухгалтерлік есепті жүргізуші жауапты адамдарды, бухгалтерияның ұйымдық құрылымын, қызметкерлердің міндеттемелерін, қолданылатын бухгалтерлік есептің формаларын, жұмыс шоттар жоспарын бейнелейді.

Әдістемелік бөлім қаржылық есепте ақпараттарды көрсетудің ХҚЕС ұсынған нақтылы әдістерін бейнелейді.

Компанияның қаржы есептілігінде пайдаланылатын нақты есеп саясатына қосымша пайдаланушылар өлшем базасын немесе базаларын

білу маңызды, өйткені тұтастай алғанда қаржы есептілігін жасаудың негізін қалыптастырылады. Егер қаржы есептілігінде бірден артық өлшем базасы қолданылатын болса, мысалы, белгілі бір ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалаған кезінде, онда әрбір тиісті өлшем базасы қолданылатын активтер мен міндеттемелердің санаттарын көрсету жеткілікті болады[8].

Нақты есеп саясатын ашып көрсету туралы шешім қабылдаған кезде басшалық ашып көрсету кәсіпорынның қызмет нәтижелерінде және қаржы жағдайында операциялар мен оқиғаларды көрсету тәсілін түсінуде пайдаланушыларға көмектесе ме, деген мәселені қарастырады. Ұсынылуын кәсіпорын қарауы мүмкін есен саясатының аспектілері мыналарды қамтиды:

- кірісті тандау;
- еншілес және қауымдас кәсіпорындарды қоса, шоғырлану принциптері;
- бизнесті біріктіру;
- бірлескен қызмет;
- материалдық және материалдық емес активтерді тану;
- қарыздар бойынша шығындарды және басқа да шығыстарды капиталдандыру;
- инвестициялық жылжымайтын мүлік;
- қаржы құралдары мен инвестициялар;
- жалгерлік;
- зерттеулер мен әзірлеулерге шыққан шығындар;
- салықтар, оның ішінде кейінге қалдырылған салықтар;
- бағалау міндеттемелері;
- қызметкерлерге сыйақы беруге арналған шығындар;
- бір валютадан екіншісіне ауыстыру және хеджирлеу;
- шаруашылық және географиялық сараланымдарды анықталады және сараланымдардың арасындағы шығындарды бөлу үшін негізгі;
- ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларын анықтау және т.б.[9]

Туристтік компанияларда шетелдік қызметтің немесе шетелдік валютамен жасалатын операциялардың едәуір көлемі болған кезде, оң және теріс бағамдық айырманы тануға және осындай айырмаларды хеджирлеуге қатысты есеп саясатын ашып көрсету көзделеді. Шоғырланған қаржы есептілігінде гудвиллді және азшылық үлесін анықтау кезінде қолданылатын саясат ашып көрсетіледі.

Осылайша, туризмнің дамуы тек турфирмалардың артуына ғана емес, сондай-ақ халықтың әл-ауқатының артуына, елдер және халықтар арасындағы өзара байланыстарды да дамытуға мүмкіндік береді.

ҚР аймағында барлық субъектілерге қаржылық есеп беруді және бухгалтерлік есепті жүргізу міндеттілігі жүктеледі.

Халықаралық байланыстардың кеңеюі және Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа енуі есеп әдістемесін жетілдірудің, бухгалтерлік есеп тұжырымдамаларын дамытудың объективті қажеттілігін туындатты.

Қазақстан Республикасы кәсіпорындарында, соңғы жылдары еліміздің экономикасының нарықтық қатынастарға өтуіне байланысты бухгалтерлік есептің әдістемесі мен тәжірибесінде түбегейлі өзгерістер болды.

Аталмыш мәселелер, біріншіден, ұйымның қаржылық жағдайын сипаттап, дұрыс ұйымдастырылған басқару жүйесіне байланысты болса, екіншіден, әр салаға қатысты қабылданған заңдар мен заң күші бар жарлықтардың, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына тікелей байланысты.

Қазіргі таңда нарықты экономикалық қатынастарға толығымен өткен жағдайда әрбір кәсіпорынның Қазақстан республикасының экономикалық реформаларын іске асыру және кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығы нығайтуда қаржылық есептің ролі мен маңызы ерекше.

Қаржылық есеп беру басқарушы органдардың жұмысын және компанияның ресурстарын, міндеттемелерін және ақша қаражаттарының болашақтағы ағындарын бағалауға, инвестициялық шешімдерді қабылдауға пайдалы ақпараттарды береді. Осымен қоса, есеп беру кәсіпорынның шаруышылық қызметін жедел басқару үшін қажет және ол болашақ кезеңдерді жоспарлау мен болжау үшін басты база болып табылады.

Әрбір туристік компаниялардың саясатының негізгі мақсаты нарықтық жағдайларды тиімді пайдалана отырып көрсетілетін қызметтер сапасын жоғарылату, туристік өнімді өндіру, өткізу және жылжыту үрдістеріне жаңашылдықтар енгізу арқылы пайданы және туристік қызметтің рентабелділігін арттыру, бухгалтерлік есеп пен қаржылық жағдайы туралы ақпараттық мәліметтің негізгі қайнар көзі болып табылатын қаржылық есептілікті пайдаланушыларға уақытылы жеткізу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 1400 қаулысы.
- 2 Щурова А., Кантарбаева Ж., Саурамбаев О. Рынок туристических услуг в Казахстане // Альпари. – 2007. – №2. – С.17
- 3 Смыкова М.Р. Туризм: экономика, менеджмент и маркетинг / М.Р.

- Смыкова. – Алматы: Юридическая литература, 2007. – 320 с.
- 4 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру туралы» 2007- жылдың 28-ші ақпанындағы № 234-III Қазақстан Республикасының Заңы.
- 5 Әбдіманапов Ә.Ә. Бухгалтерлік және қаржылық есеп принциптері: халықаралық стандарт / Ә.Ә. Әбдіманапов. – Алматы, 2006. – 535 б.
- 6 Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп принциптері: оқулық / Н.А. Құдайбергенов. ҚР Білім және Ғылым мин-гі бекіткен. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2011. – 255 б.
- 7 Нұрсейітов Е.О. Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп: оқу құралы / Е.О. Нұрсейітов. – Алматы, 2009. – 297с.
- 8 Назарова В.Л. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп: оқулық / В.Л. Назарова. Жалпы редакциясын басқарған Н.Қ. Мамыров. – Алматы: Экономика, 2005. – 310 б.

R.A. Tulegenova¹, S. Tulegenov¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

TRAVEL SERVICES IN KAZAKHSTAN AND FEATURES OF ACCOUNTING

Abstract. The development of the tourism industry in the Republic of Kazakhstan is the result of improving the welfare of the population. Available travel services, their quality and diversity is an important factor in the choice of an object of cultural recreation.

Accounting for the travel company based on the characteristics of the organization structures of domestic and international travel services and the quality of their performance.

Tourist services related to the organization of inbound tourism in the Republic of Kazakhstan is the country's export of tourism services. And travel services associated with the departure of citizens to other countries considered imports.

Accounting policies – is accounting and financial records of any travel company, meeting the requirements and accounting principles, which is based on a variety of methods.

Key words: World economy, tourism, the tourist industry, travel business, tourist services, the accounting policies, accounting, business operations, dokumentooborot, IFRS.

Р.А. Тулегенова¹, С.Тулегенов¹

¹Университет им. Сулеймана Демиреля

ТУРИСТИЧЕСКИЕ УСЛУГИ В РК И ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА